

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ф.Оңғарсынова «Әже»

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.11.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/183625/>

Примжар Камшат Тоқтасқызы

Үйірме атауы:	Шешендік өнер	
Үйірме жетекшісі:	Примжар Камшат	
Сабақтың тақырыбы	Ф.Оңғарсынова «Әже»	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, дағдыларын дамыту. Мұғалімнің көмегімен тыңдаған және оқыған материалдары бойынша қысқа жазбалар жазу	
Сабақтың мақсаттары	Білімділік: Оқушыларды Ф. Оңғарсынова өмірімен, шығармашылығымен таныстыруды жалғастыру. «Ана» туралы өлеңді пысықтап, «Әже» өлеңімен таныстыру. Әжелерге деген құрметін, сезімдерін сөз арқылы жеткізе білуге, әжені сыйлай білуге баулу Тәрбиелілік: Әженің еңбегін қадірлеуге, адамгершілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу. Дамытушылық: Тіл байлығын, ой — өрісін, шығармашылығын қаблеттерін дамыту.	
Бағалау критерийлері	Оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді. Сөйлеуде тірек сөздерді қолданады.	
Көрнекілігі	Ф. Оңғарсынованың суреті, әженің суреті, сөзжұмбақ, Венн диаграммасы, топтық тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар, интерактивті тақта.	
Сабақ түрі:	Аралас сабақ	
Пәнаралық байланыс	музыка, математика	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Сабақты бір — біріне жақсы тілек тілеуден бастайды. Мен достарыма ... тілеймін Оқушылар бір-біріне ыстық тілектерін білдіреді. Үй тапсырмсын тексеру. «Ашық микрофон» әдісі арқылы. Мәтінді мәнерлеп оқу, Сұрақтарға жауап беру. (Тақтада оқушыларға арналған оқу мақсаты жазылады.) -Бүгінгі сабақтың мақсаты: — Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? — Қыс мезгілі — Қыс мезгілінен кейін қай мезгіл келеді?..... — Көктемнің алғашқы күндерінде қандай мейрамды қарсы аламыз?..... Иә, балалар, алдымызда аналар мейрамы келе жатыр екен. Ендеше біз бүгінгі сабағымызды әр адамға ең қымбат адам – Аналарға арнаймыз. — Фариза Оңғарсынова кім? Ол кісі туралы не білесің? Ф. Оңғарсынова Қазақстанның халық жазушысы Қ. Р. парламент мәжілісінің депутаты. 1939 жылы 5 желтоқсан Атырау облысы, Монаш ауылында дүниеге келген. Үй тапсырмасын тексеру; Жылу Ф. Оңғарсынова екі топтан 3 — 4 оқушыдан жатқа сұрау. Оқушыларға сұрақтар қою арқылы бекіту; — Ақын ананы не үшін күнге ұқсатады? — Ана мейірімі туралы не дейсің? — Ана сүті туралы ше? — Ананың алақаны қандай? — Жақсы, балалар, ана баласын жақсы көргенде қандай сөздер айтады? — Құлыным, ботам, еркетайым, қозым — Ананың қалауы қандай? — Балам жақсы болып өссе дейді — Рахмет, балалар! Сұрақтарға жауап алу арқылы өтілген сабақты толық түсінгендеріңді аңғардым. Дүниеде адамға ең қымбат – ана екен. Ананы ешқашан ренжітпеу керек. Өмір бақи аналарыңды сыйлаңдар. Аналарыңды арқалап Меккеге 3 көтеріп апарсаң да, ана қарызынан құтылмайсың деген сөз бар.</p>	<p>Интер белсенді тақта, суреттер</p>
-----------------------------	--	---------------------------------------

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Оқулықпен жұмыс; Мақалдың мағынасын ашу; Күннің шуағы жылы, Ананың құшағы – жылы. Венн диаграммасы бойынша жұмыс. Күн Ана Күн жер бетін жылытады, ал ана үйді жылытады. Ал анадан кейін, сендерді күтетін, еркеліктеріңе көнетін тағы кім қымбат? Оны білу үшін мына сөз жұмбақты шешіп көрейік. Батыр, алғыр баламыз, оқып білім аламыз. Сөзжұмбақтар шешеміз, Жетілсін деп санамыз. Сөзжұмбақ шешіледі. — Балалар, бүгінгі сабақта Әже атты өлеңмен танысамыз. Бұл өлеңді де жазған Фариза Оңғарсынова апамыз екен. 1 — топ. «Әже» тақырыбында шығарма жазу. 2 — топ. «Әже» тақырыбына өлең шығару. Дескриптор: Оқулықтағы “Әже өлеңін” мәнерлеп оқып беру; Балаларға іштей оқыту. Балаларға тізбектей оқыту Сергіту сәті. Әжелер құрметіне Асыл әжем әнін орындап сергіп алайық. Ақын қолданған сөздерге назар аудару. — мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Кері байланыс: Не қиын болды? Не жеңіл болды?</p> <p>(Т) «Дөңгелек үстел» әдісі бойынша берілген сөйлемдерді топ оқушылары бір-бір сөйлемнен ретімен жазып, мәтін құрайды. Жазған сөйлемдерін көрсетпейді, соңғы оқушы мәтінді тұтастай оқиды. Болған соң мұғалім сөйлемдердің ретін кім бұзғанын анықтайды. Барлық сөйлемдерді ретімен дұрыс орналастырған топтар бағаланады. — Әже қандай адам? — Әжеңнің есімі кім? — Нағашы әжеңнің есімі кім? — Ол қайда тұрады? — Әжеңді соңғы рет қашан көрдің? — Сен көргенде әжең қандай көңіл күйде еді? — Әжең саған қандай ақыл айтты? — Әжең сені еркелеткенде қалай атайды?</p> <p>Қорытындылау: Балалар кімнің өлеңін өттік? Өлең кім туралы айтылған? Кім әжесін жақсы көреді? Кім әжесіне қандай сыйлық сыйлайды? Әже еңбегін қалай ақтар едің. Үй тапсырмасы: Ф.Оңғарсынованың «Әже» өлеңін жатқа айту.</p> <p>Бағалау критерийі: -Сөйлеу барысында тақырыпқа қатысты сөздерді орынды қолданады. Тапсырманы «Галерея» әдісімен бағалайды.</p> <p>Топтық жұмыс кезінде мұғалім бақылау жүргізіп, кері байланыс береді.</p> <div data-bbox="389 1514 1214 1563" style="border: 1px solid black; height: 20px; width: 100%;"></div>	
-------------------------------	---	--